



Автор: ТУЛЕКБАЕВА МАКПАЛ БАЛТАБЕКОВНА

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып



Бөлім: Көбейту және бөлу

Тақырып: Бау-бақ құрылысы

Сабақтың мақсаты:	3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар үшін: Қосындыны санға көбейту ережесін білу. Бірқатар оқушылар үшін: Қосындыны санға көбейту ережесін ауызша есептеуде қолдану. Кейбір оқушылар үшін: Қосындыны санға көбейту ережесін тиімді есептеу үшін қолдану.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Ауызша көбейту орындауда қосындыны санға көбейту ережесін түсіндіру Пәндік лексика және терминология: Өрнек, қосындыны санға көбейту Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл. <i>Талқылау:</i> Қосындыны санға қалай көбейтуге болады? Бұл қасиеттерді тиімді есептеу үшін қалай қолдануға болады? <i>Өрнектерді жазу.</i>

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (6 мин)	Психологиялық ахуал -Балалар біз кіміз? Жарқын болса күніміз, Жарқын шығар үніміз, Елін сүйіп, ер жетер, Біз отанның гүліміз. Өзектендіру. Үй жұмысы: Ойын жаттығулары: «Қай қатар жылдам?» 10•4, 40:10, 70:10, 500:100, 100•8, 800: 100, 60: 20, 700:100:, 23 : 10, 400 : 200, 25•10; 100 •9	Слайд Карточкалармен жұмыс

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (32 мин)	<p>Мақсат қою (математикалық диктант) 25 пен 5 санының қосындысын 2 есе арттыр. $(25+5) * 2 = 30*2=60$ осы орнекті басқаша тағы қандай тәсілмен шығаруға болады? $25*2 + 5*2= 50+10=60$ -бұны көбейтудің үлестірімділік қасиеті деп атаймыз. Олай болса бүгінгі тақырыбымыз көбейтудің үлестірімділік қасиеті. Бағалау: «Алақан соғу» Жаңаны ашу. -Топтық тапсырма. Көк қоршаудың ішіндегі дөңгелектерді санау.</p>   <p>Қоршаудағы дөңгелектер санын әртүрлі нұсқамен санау үшін көбейтудің қандай қасиетін пайдалануға болатынын білесіз бе? Біз әлі мұндай ережені білмейміз (қасиетті). Берілген тапсырмада санау тәсілдерін салыстыру және жазу керек. Қосындыны санға көбейтудің 2 тәсілін табу керек. Балалар тапсырманы екі тәсілмен жазады. Ендеше мына формуланы қарайық $(a+b)*c= a*c+v*c$ -бұны көбейтудің үлестірімділік қасиетінің формуласы</p> <p>Ереже: Қосындыны санға көбейтудің бірнеше тәсілі бар. 1-тәсіл. Қосындыны тауып, оны санға көбейту. 2-тәсіл. Әрқосылғышты сол санға көбейтіп, шыққан көбейтінділерді қосу. Бұл-көбейтудің үлестірімділік қасиеті деп аталады. Сергіту сәті: «Қалт етпей қағып ал жауабын тауып ал» Көбейту кестесін еске түсіру. Жұптық жұмыс: -Тікбұрыштың ұзындығын а деп, ал енін b деп белгілеңіздер. Периметрін қалай есептеу керек? Көбейту мен қосу амалдарын қолдана отырып, тікбұрыштың периметрін 2 түрлі әдіспен есепте. Мысалы, егер қабырғаларының ұзындығы - 5 см және 3 см болса. Жұптар есептеп, өздеріңіздің нәтижелеріңізді... Әрқайсыңыңның тәсілі әртүрлі болуы мүмкін...</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p> <p>Слайд Суретті қолдана отырып, түсіндіру</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (1 мин)	Сабақты қорытындылау. Формулага сүйене отырып сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Үйге тапсырма: 72бет. 5есеп	Слайд
Рефлексия (1 мин)	Рефлексия. Бүгінгі сабақта мен түсіндім, мен білдім, анық-қанығына жеттім ...; «Мен ... өзімді мақтан етемін»; «Әсіресе маған ұнағаны ...»; «Бүгін ... менің қолымнан келді»	Жетістік ағашы